

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.05.30. N 54 Заңымен. (қолданысқа енгізілу тәртібін 32-баптың 1-тармағынан қараңыз).

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.05.30. N 54 Заңымен. (қолданысқа енгізілу тәртібін 32-баптың 1-тармағынан қараңыз)

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының мақсаттары мен принциптерінің жүзеге асырылуына жәрдемдесуге бағытталған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың, орындаудың және күшін жоюдың бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

I ТАРАУ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Жарлықтың қолданылу аясы

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың, орындаудың және күшін жоюдың осы Жарлықпен белгіленген тәртібі олардың нысаны мен атауына (шарт, келісім, конвенция, пакт, хаттама, хаттар немесе ноталар алмасу, халықаралық шарттардың өзге де түрлері мен атаулары) қарамастан, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қатысты қолданылады.

2. Осы Жарлықтың күші Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен жасасатын халықаралық шарттарға қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың қарауына жататын халықаралық шарттарға

қатысты оларды жасасудың, орындаудың және күшін жоюдың осы Жарлықта көзделгендегіден өзгеше тәртібін белгілеуге хақылы.

2-бап. Осы Жарлықта қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Жарлықта қолданылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

1) "Қазақстан Республикасының халықаралық шарты" - Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен (немесе мемлекеттермен) не халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжатта көрініс тапқанына қарамастан, сондай-ақ оның нақты аталуына қарамастан, халықаралық құқық арқылы реттелетін халықаралық келісім;

2) "жасасу" - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне келісім білдіруі;

3) "қол қою" - егер халықаралық шарт кейіннен ратификациялауға немесе бекітуге жатпайтын болса, өзі үшін оның міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіру жолы;

4) "ратификация" - халықаралық шартты Қазақстан Республикасы Парламентінің бекітуі арқылы Қазақстан Республикасының өзі үшін оның міндеттілігіне келісім білдіру жолы;

5) "бекіту (қабылдау)" - Қазақстан Республикасы Үкіметінің ратификациялауына жатпайтын халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіру жолы;

6) "қосылу" - жасалуына Қазақстан Республикасы қатыспаған халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне оның келісім білдіру жолы;

7) "ратификациялық грамоталармен, бекіту (қабылдау) немесе қосылу туралы құжаттармен алмасу" - шартқа қатысушы мемлекеттер немесе депозитарий осындай грамоталармен (құжаттармен) алмасқан (мәлімдеген) сәттен бастап халықаралық шарттың өзі үшін міндеттілігіне Қазақстан Республикасының келісім білдіру жолы;

8) "өкілеттік" - Қазақстан Республикасының құзырлы органдары негіздеген және сол арқылы бір тұлға немесе бірнеше тұлға халықаралық шарт жасасу мақсатында Қазақстан Республикасынан өкілдік етуге тағайындалатын құжат;

9) "халықаралық ұйым" - мемлекетаралық, үкіметаралық ұйымдар;

10) "депозитарий" - халықаралық шарттың түпнұсқасы сақтауға тапсырылатын және халықаралық құқықпен көзделген функцияларды орындайтын мемлекет, халықаралық ұйым немесе оның басты атқарушы лауазымды адамы;

11) "күшін жою" - Қазақстан Республикасының өзі жасасқан халықаралық шарттан тиісінше ресімделген бас тартуы;

12) "шарттың дәлме-дәл сәйкес мәтіні" - уағдаласушы тараптар негізгі (шек келтірілмейтін) мәтін ретінде қарастыратын халықаралық шарттың мәтіні.

3-бап. Халықаралық шарттардың түрлері

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шет мемлекеттермен:

1) Қазақстан Республикасының (мемлекетаралық шарттар);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің (үкіметаралық шарттар);

3) Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың (ведомствоаралық шарттар) атынан жасалады.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың атынан жасалады.

II ТАРАУ

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу

4-бап. Халықаралық шарттар жасасу туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарын жасасу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өз құзырындағы мәселелер жөнінде осы баптың 1-тармағында аталған шарттарды жасасу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың 2-тармағында аталған шарттарды жасасу туралы ұсыныстарды қарайды және оларды Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

4. Үкімет қарауына жататын мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі енгізеді.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өз құзырындағы мәселелер жөнінде осы баптың 4-тармағында аталған шарттарды жасасу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді.

6. Ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарды жасасу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып енгізеді.

5-бап. Халықаралық шарттардың тілі

1. Екі жақты халықаралық шарттар, әдетте, уағдаласушы тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалады.

2. Көп жақты халықаралық шарттар шарттарға қатысушылардың келісімі бойынша белгіленетін тілдерде жасалады.

6-бап. Халықаралық шарттардың жобаларын құқықтық сараптау

1. Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобалары Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және өзге де орталық атқару органдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен алдын ала келісілген соң Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде міндетті құқықтық сараптаудан өткізілуге тиіс.

2. Құқықтық сараптаудан өткен халықаралық шарттардың жобалары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде келісілуге тиіс.

7-бап. Келіссөздер жүргізу туралы және халықаралық шарттарға қол қою туралы шешімдер

Келіссөздер жүргізу туралы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қою туралы шешімдерді:

1) мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты, сондай-ақ егер бұл қажеттіліктен туындаса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жататын мәселелер жөніндегі халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Үкімет қарауына жататын мәселелер жөніндегі халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының

министрлері, мемлекеттік комитеттерінің төрағалары және де өзге орталық атқару органдарының басшылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары қабылдайды.

8-бап. Келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға қол қоюға берілетін өкілеттік

1. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық сипаттағы келіссөздерін жүргізуге және халықаралық шарттарын жасасуға өкілеттікті - Қазақстан Республикасының Президенті, ал Үкімет қарауына жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі береді.

2. Келіссөздер жүргізуге және халықаралық шарттарға немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жататын шарттарға қол қоюға өкілеттікті Қазақстан Республикасы Президентінің не Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бере алады.

3. Келіссөздер жүргізуге және ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қол қоюға өкілеттікті Қазақстан Республикасының Министрі, Мемлекеттік комитетінің төрағасы, өзге де орталық атқару органының басшысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органның басшысы береді.

9-бап. Арнайы өкілеттісіз келіссөздер жүргізу және халықаралық шарттарға қол қою

1. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі арнаулы өкілеттісіз-ақ келіссөздер жүргізуге және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қоюға хақылы.

2. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігінің басшысы немесе Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілдігінің басшысы тиісінше өзі барған мемлекетпен немесе осы халықаралық ұйымның шеңберінде Қазақстан Республикасының халықаралық шартын жасасу жөнінде арнайы өкілеттісіз келіссөздер жүргізуге хақылы.

3. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттегі дипломатиялық өкілдігі басшысының немесе Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілдігі басшысының арнайы өкілеттіктері болған ретте ғана Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қоюға құқығы бар.

4. Қазақстан Республикасының Министрі, Мемлекеттік комитетінің төрағасы, өзге де орталық атқару органының басшысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін

мемлекеттік органның басшысы өз құзырындағы мәселелер жөнінде арнайы өкілеттісіз-ақ келіссөздер жүргізуге және Қазақстан Республикасының ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарына қол қоюға хақылы.

10-бап. Халықаралық шарттарды ратификациялау

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялайды.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдарынан басым болады және халықаралық шартқа орай оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

11-бап. Ратификациялауға жататын халықаралық шарттар

1. Қазақстан Республикасының мынадай:

1) орындалуы қолданылып жүрген заңдардың өзгертілуін немесе жаңа заңдардың қабылдануын талап ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендегіден өзгеше ережелерді белгілейтін;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының өтуі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағының және құрылықтық шельфінің ара-жігі туралы шарттарды қоса, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен ара-жігі жіктелуі туралы;

3) мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, қарусыздану немесе қару-жаракқа халықаралық бақылау жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі, сондай-ақ бітім шарттары мен ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттары;

4) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық одақтарға, халықаралық ұйымдарға және басқа бірлестіктерге қатысуы туралы, егер мұндай шарттар Қазақстан Республикасының егеменді құқықтарының бір бөлігін жүзеге асыруды оларға беруді көздейтін болса немесе олардың органдары шешімдерінің Қазақстан Республикасы үшін заңдық міндеттілігін белгілейтін болса;

5) мемлекеттік заемдар мен Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге көмек көрсетуі туралы халықаралық шарттары ратификациялауға жатады.

2. Жасасқан кезде уағдаласушы мемлекеттер соңынан оларды ратификациялау жөнінде келіскен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары ратификациялауға жатады.

12-бап. Халықаралық шарттарды ратификациялауға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау

1. Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын ратификациялауға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған мәселелер жөнінде Конституциялық Кеңеске өтініш жасалған жағдайда халықаралық шарттарды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылған халықаралық шарттар ратификацияланбайды және күшіне енгізілмейді.

13-бап. Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарын ратификациялау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өздерінің құзырындағы мәселелер бойынша осы баптың 1-тармағында аталған шарттарды ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың 2-тармағында аталған халықаралық шарттарды бекіту туралы ұсыныстарды қарайды және оларды Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

4. Президент осы баптың 1 және 3-тармақтарында аталған шарттарды ратификациялау туралы ұсыныстарды қарайды және бұл шарттарды Қазақстан Республикасының Парламентіне ратификациялауға табыс етеді.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жататын мәселелер жөнінде осындай рәсімнен өткізілуге тиіс халықаралық шарттарды ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өздерінің құзырындағы мәселелер бойынша осы баптың 5-тармағында аталған халықаралық шарттарды ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

7. Үкімет осы баптың 5 және 6-тармақтарында аталған шарттарды ратификациялау туралы ұсыныстарды қарайды және бұл шарттарды Қазақстан Республикасының Парламентіне ратификациялауға ұсынады.

14-бап. Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы шешімдер қабылдау

1. Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі ратификациялауға ұсынған халықаралық шарттарды Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталардың бөлек отырысында: алдымен - Мәжілісте, содан кейін Сенатта қарайды және тиісті заң қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шартын ратификациялау туралы заңға қол қойылып, ол жария етілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Президенті ратификациялау грамотасына қол қояды.

15-бап. Ратификациялау грамоталарымен, бекіту немесе қосылу туралы құжаттармен алмасу

Ратификациялау грамоталарымен, Қазақстан Республикасының көп жақты халықаралық шарттарды бекітуі немесе оларға қосылуы туралы құжаттармен алмасуды және көп жақты халықаралық шарттарды ратификациялау туралы грамоталарды депозитарийлерге сақтауға тапсыруды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі не оның тапсыруымен Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы өкілдігі жүргізеді.

16-бап. Ратификациялау жатпайтын халықаралық шарттарды бекіту (қабылдау)

1. Қазақстан Республикасының ратификациялауға жатпайтын, бірақ оларды бекіту (қабылдау) көзделген халықаралық шарттарын бекітуді (қабылдауды):

1) мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Президенті;

2) үкіметаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізеді.

2. Ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарды бекітуді (қабылдауды) Қазақстан Республикасының тиісті министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің немесе өзге де орталық атқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізеді.

17-бап. Халықаралық шарттарға қосылу туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қосылу туралы ұсыныстар енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне үкіметаралық шарттарға қосылу туралы ұсыныстар енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өздерінің құзырындағы мәселелер бойынша осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған шарттарға қосылу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

4. Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісуімен ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қосылу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

18-бап. Халықаралық шарттарға қосылу

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарға қосылуы туралы шешімдерді:

1) Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған және Үкімет қарауындағы мәселелер жөнінде ратификациялауға жататын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Парламенті;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауындағы және ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарға қатысты - Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қосылу туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

19-бап. Халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарының күшін тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Үкімет құрауына жататын мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшін тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның

келісуімен өздерінің құзырындағы мәселелер бойынша осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

4. Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері және басқа да орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуымен ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

20-бап. Халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру

1. Қазақстан Республикасының Парламенті:

1) ратификациялауға жататын мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты;

2) осы Жарлықтың 11-бабында аталған үкіметаралық сипаттағы халықаралық шарттарға қатысты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшін тоқтата тұру туралы шешімдерді қабылдайды.

2. Ратификациялауға жатпайтын мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттардың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

3. Үкімет қарауына жататын халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды, бұған осы Жарлықтың 11-бабында аталған шарттар қосылмайды.

4. Ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттардың күшін тоқтата тұру туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Ш тарау

Қазақстан Республикасының

Халықаралық шарттарын орындау

21-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау және олардың орындалуын қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Жарлыққа, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және халықаралық құқық нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарды мүлтіксіз сақтауға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Республика жасасқан шарттар мен ол қабылдаған міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының үкіметі Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады.

22-бап. Халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелерді орындау

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ құзырларына Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттелетін мәселелер енетін, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар қазақстандық тараптың шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді, осындай шарттардан туындайтын қазақстандық тарап құқықтарының жүзеге асырылуын және шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын бақылап отырады.

23-бап. Халықаралық шарттардың орындалуын жалпы бақылау

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын жалпы бақылауды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

24-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын оның басқа қатысушылары бұзған ретте қолданылатын шаралар

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді оның басқа қатысушылары бұзған ретте Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі халықаралық құқық нормаларына және шарттың өзінің талаптарына сәйкес қажетті шаралар қолдану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар береді.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді оның басқа қатысушылары бұзған ретте Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өз құзырындағы мәселелер бойынша халықаралық құқық нормаларына және шарттың өзінің талаптарына сәйкес қажетті шаралар қолдану туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар береді.

3. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын оның басқа қатысушылары елеулі түрде бұзған ретте, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларында көзделген өзге де жағдайларда мұндай шарт осы Жарлықтың 33 және 34-баптарында белгіленген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

25-бап. Халықаралық шарттарды түсіндіру

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын түсіндіру Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүргізіледі.

26-бап. Халықаралық шарт жасасуға байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Парламентінің заң немесе өзге нормативтік құқықтық актісі қабылдануы не Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шығарылуы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылдануы қажет болған реттерде Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті заң немесе басқа да нормативтік құқықтық акт қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындау үшін қабылданған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің күшін жоюға олар бұзылғаннан, өзгертілгеннен немесе олардың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін ғана жол беріледі.

27-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуі

Халықаралық шарттар Қазақстан Республикасы үшін шартта көзделген немесе уағдаласушы тараптар арасында келісілген тәртіп пен мерзімде күшіне енеді.

IV тарау

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жариялау, тіркеу және сақтау

28-бап. Халықаралық шарттарды жариялау

1. Қазақстан Республикасы үшін күшіне енген, осы Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасының Парламентінде ратификациялаудан өткен мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар Парламенттің ресми басылымдарында жарияланады.

2. Қазақстан Республикасы үшін күшіне енген, ратификациялауға жатпайтын мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының оларға қосылуы осы Жарлықта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылған үкіметаралық шарттар "Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағында" жарияланады.

3. Қазақстан Республикасы үшін күшіне енген халықаралық шарттар, ведомствоаралық шарттарды қоса алғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының оларға қосылуы осы Жарлықта белгіленген тәртіппен жүзеге

асырылған шарттар "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, келісімдері және жеке заң актілері бюллетені" жинағында жарияланады.

4. Қазақстан Республикасының шет тілдерде жазылған мәтіндері дәлме-дәл сәйкес халықаралық шарттары осы тілдердің бірінде, қазақ және орыс тілдеріндегі ресми аудармасымен қоса жарияланады.

29-бап. Халықаралық шарттарды тіркеу мен есепке алудың біртұтас мемлекеттік жүйесі

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын тіркеу мен есепке алудың біртұтас мемлекеттік жүйесі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қарауында болады.

30-бап. Халықаралық шарттарды тіркеу және мәтіндерін сақтау

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында және басқада халықаралық ұйымдардың тиісті органдарында тіркеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының атынан және Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасалған Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының түпнұсқалары (куәландырылған көшірмелері, ресми аудармалары) оларға қол қойылған (депозитарийден куәландырылған көшірмелер, ресми аудармалар алынған) күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне сақтауға тапсырылады, ал Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы шарттардың көшірмелерін олар күшіне енген күннен бастап екі апта мерзімде тиісті мемлекеттік органдарға жолдайды.

3. Қазақстан Республикасының ведомствоаралық шарттарының түпнұсқалары тиісті министрліктер мен ведомстволардың архивтерінде сақталады, ал осы шарттардың куәландырылған көшірмелері оларға қол қойылған (депозитарийден куәландырылған көшірмелер, ресми аудармалар алынған) күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі.

31-бап. Депозитарийдің функцияларын жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі көп жақты халықаралық шарттардың депозитарийі функцияларын, егер осы шарттардың талаптарына сәйкес мұндай міндеттер Қазақстан Республикасына жүктелген болса, жүзеге асырады.

2. Көп жақты халықаралық шарттардың депозитарийі міндеттерін орындаушы шет мемлекеттер органдарымен, халықаралық ұйымдармен немесе олардың бас атқарушы лауазымды адамдарымен хат-хабар жазысуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

V тарау

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының күшін жою

32-бап. Халықаралық шарттардың күшін жою туралы ұсыныстар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының мемлекетаралық сипаттағы халықаралық шарттарының күшін жою туралы ұсыныс енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Үкімет қарауына жататын мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп немесе оның келісуімен өз құзырындағы мәселелер бойынша осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған халықаралық шарттардың күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

4. Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері және өзге де орталық атқару органдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің келісуімен өз құзырындағы мәселелер бойынша ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарды бұзу туралы Қазақстан Республикасының үкіметіне ұсыныс енгізеді.

33-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің халықаралық шарттардың күшін жоюы

Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді ретімен, алдыменен Мәжілісте, содан соң Сенатта қарай отырып:

1) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық сипаттағы ратификацияланған және ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарының күшін - Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша;

2) Қазақстан Республикасының Үкімет қарауына жататын халықаралық шарттарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының оларға қосылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде жүзеге асырылған халықаралық шарттарының күшін - Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша жояды.

34-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық шарттардың күшін жоюы

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының тиісті министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және басқа да орталық атқару органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың ұсынуымен Қазақстан Республикасының ведомствоаралық сипаттағы халықаралық шарттарының күшін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің келісуімен жояды.

VI тарау

Қорытынды Ережелер

35-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын осы Жарлыққа сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

2. "Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1228 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 19, 230-құжат) 5-тармағының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті